

БЕКІТЕМІН

Директордың оқу-әдістемелік  
ісі жөніндегі орынбасары

*Абирова М.А.*  
«17» 01 2023ж.

**«Қазақ әдебиеті» пәнінің  
ОҚУ- ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ  
ЖБП 09 «Қазақ әдебиеті»**

Мамандық 09110100 «Стоматология»  
Біліктілігі 4S09110102 «Дантис»  
Мамандық 09110200 «Ортопедиялық стоматология»  
Біліктілігі 4S09110103 «Тіс технигі»  
Мамандық 09130100 «Мейіргер ісі»  
Біліктілігі 4S09130101 «Жалпы практикадағы мейіргер»  
Мамандық 09120100 «Емдеу ісі»  
Біліктілігі 4S09120101 «Фельдшер»  
Мамандық 09140200 «Медициналық оптика»  
Біліктілігі 4S09140201 «Оптик-медициналық»  
Мамандық 07140600 «Медицина техникаларын монтаждау  
қызмет көрсету және жөндеу»  
Біліктілігі 4S07140603 «Техник - электроншы»  
Мамандық 09140200 «Медициналық оптика»  
Біліктілігі 4S09140202 «Оптикометрист»  
Мамандығы 07140600 «Медициналық техниканы монтаждау,  
техникалық қызмет көрсету және жөндеу»  
біліктілігі 3W07140603 «Медициналық жабдықтарына қызмет  
көрсету және жөндеу электромеханигі»

Курс: 1

Семестр: 2


Бақылау түрі: емтихан


Барлық сағаттардың/кредиттердің KZ жалпы саны - 96/4 сағат


Аудиториялық сабақ: - 96 сағат


Алматы, 2023 ж

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу жұмыс бағдарламасын құрастырған оқытушылар:

Рузденова А.С. 

Османова Д.А. 

Калиева Б.О. 

Ерзатұлы Ө. 

Шамсиева Г.Ш 


Мамандықтардың типтік оқу бағдарламасына негізделген:

Мамандығы 09110200 «Ортопедиялық стоматология», біліктілігі 4S09110103 «Тіс технигі», Мамандығы 09110100 «Стоматология» біліктілігі 4S09110102 «Дантист», Мамандығы 09130100 «Мейіргер ісі» біліктілігі 4S09130101 «Жалпы практикадағы мейіргер», Мамандығы 09140200 «Медициналық оптика» біліктілігі 4S09140201 «Медициналық оптик», Мамандығы 07140600 «Медицина техникаларын монтаждау, қызмет көрсету және жөндеу» біліктілігі 4S07140603 «Техник-электроншы», Мамандығы 09140200 «Медициналық оптика», біліктілігі 4S09140202 «Оптикометрист», Мамандығы 09120100 «Емдеу ісі» біліктілігі 4S09120101 «Фельдшер» Біліктілігі 3W07140603 «Медициналық жабдықтарына қызмет көрсету және жөндеу электромеханигі»

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу-жұмыс бағдарламасы «Жалпы білім беру, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер» бойынша циклдік әдістемелік комиссияның отырысында талқыланып бекітілуге ұсынылды.

Әдістемелік кеңестің отырысында бекітілді.

хаттама № 1 «31» 08 2023ж

ЦӘК төрайымы  Сатаева А.А.



**Жұмыс бағдарламасы келесі мазмұнды қамтиды:**

### **1.1 Кіріспе**

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру. Сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімшелері пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

- түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

- анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

- бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

### **1.2. Пәннің мақсаты / модуль:**

Білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Білім алушылардың медициналық ғылым негіздерін, әрі қарай кәсіби қызметін, ана тілін кәдірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

### **1.3. Пәннің міндеті:**

- «Қазақ әдебиеті» бағдарламасы білім алушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған;

- қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

- қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, мәселелерін, қарамақайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

- түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

- заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.



#### 1.4. Оқытудың жоспарланған нәтижесі:

##### Студент білу керек:

- көркем шығармалардағы көтерілген маңызды проблемаларды білу;
- жекелеген тақырыптар бойынша өз ойларын айту, бағалай білу;
- бір тақырыпты оқу барысында әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындай алу;
- ақпараттарды ауызша және жазбаша түрде сабақтарда қолдану;
- өз әрекетін зерттей, сараптай білу;

##### Студент істей білу керек:

- шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне қалыптасу;
- әдебиет пәнінен көркем шығармалар арқылы білім стандартының талаптарына сай білімді меңгеру;

-шығармалар арқылы ой-жүйесін жинақтап, қорытындылап, өзінше ой-пікір айтуға, жүйелеп, көркемдеп сөйлеуге, шешендік дәстүрге үйрену;

##### Студенттің дағдысын қалыптастыруы:

- сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс айту, дастархан басында сөйлеу әдертілігі)

- өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу, жиын, жиналыста сөйлей білу, ҚР халықаралық қарым-қатынасы туралы айта білу.

#### 1.5. Пререквизиттері: кәсіби қазақ тілі, мемлекеттік іс қағаздарын жүргізу

1.6. Постреквизиттері: жалпы кәсіптік және арнайы пәндер. Мамандыққа сәйкес пәндерді қазақ тілінде игере білу.

#### 1.7. Тақырыптық жоспар:

Модульді оқу жоспарын кесте түрінде жасау ұсынылады, онда тақырыптың атауы, оқытуды ұйымдастыру формасы және белгілі бір тақырыпты оқып-үйренуге бөлінген сағат саны, сонымен бірге қысқаша мазмұны көрсетілген тақырыптардың (игеру табысты кәсіби қызмет үшін белгілі бір құзыреттіліктер алуға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар).

##### 1.7.3. Аудиториялық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
<b>1 - кредит</b>			
<b>Еңбек нарығы және сұраныс. Отандық өнеркәсіп өнімі. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті.</b>			
1	Абай Құнанбайұлы. Өмірі мен шығармашылығы. «Сегіз аяқ»,	Абай шығармашылығы. «Сегіз аяқ» өлеңі Абайдың өз заманы, дәуірі және оның адамдары жайлы ой-толғанысы, әлеуметті сынауы, халқын еңбекке үндеуі, өлеңнің ырғақтық, құрылымдық ерекшеліктері, өлеңде акынның өзекжарды ойларын кестелі тілмен өрнектеуі, халықты мәдениет, прогрестік даму жолына бағыттаудағы идеялары қарастырылады.	2
2	Абайдың өлеңдері. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым».	«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» Өлеңдегі еңбекші халықтың мүддесі, акынның өзі өмір сүрген қоғамның тарихи шындығын бейнелеуі, заманның кемшілік, қайшылықтарын сынауы, «Бас-басына би болған өңкей қықым» деп,	2



			елдің сиқын бұзып жүрген мансабы жоғары шенеуніктердің психологиясы туралы тұжырымы, Абай лирикасында ұлттық мінез психологиясының көркем жинақталуы, Абайдың адам жанының сырлары жөніндегі танымы;	
3	«Лай суға май бітпес қой өткенге»		«Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері Үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманның өліміне байланысты туған өлең. Қараңғылық шырмауына шатылған елдің надандығына ыза болған ақын жан наласына сырын қапысыз қабылдар, айтса түсінер, ақылдасса ой бөлісер сүйікті ұлынан айрылу қайғысы қосылып, «берген бе тәңірім саған өзге туыс» деп мұңдануы, ақын көңіл жайлауынан ел көшкендей болып құлазуынан Абайдың діні - ақылдың, сыншыл ойдың діні байқалады. «Ауыр қазаларға жоғарыда танылмаған кейбір түңілу сарындары қосылып келіп, ыза мен қазадан туған бір алуан діншілдік ойлар, күйлер шығады»	2
4	Абайдың қарасөздері. Он жетінші қарасөз	Он	А. Құнанбаевтың «Он жетінші» қара сөзі Қарасөзіндегі адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары, ақыл, қайрат, жүрек туралы философиялық ой түйіні;	2
5	Отыз екінші қарасөз.		А. Құнанбаевтың «Отыз екінші» қарасөзі Отыз бірінші қарасөздің жалғасы іспеттес. Ғылымға шын құмарланбай, бақастық үшін шұғылданса, шала мейірмен ізденсе, нәтижесі де шала болатынына көз жеткізуі. Сондай-ақ адал еңбекпен тапқан, жетіліп алған білімді сақтау, құрметпен игеру керектігін, ғылыммен ақылды сақтайтын сауат мінез екенін баса көрсетуі. Білімді адам бір қызық үшін, не пайда табу үшін емес екендігін жеткізу, бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен байланыстыра жеткізу.	2
6	«Масғұт» поэмасы		«Масғұт» поэмасы Поэmanın тақырыбы, идеялық-көркемдік маңызы, поэмадағы шығыстық сарындар, ақынның шығармасына арқау еткен адамгершілік идеясы, поэmanın тәрбиелік мәні.	2

7	Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы.	Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығына шолу Ж.Аймауытов - сан қырлы жазушы, драматург ғалым. Поэзиясы, прозасы. Романдары. Драматургиясы. Драма жанры туралы ұғым.	2
8	Ж.Аймауытовтың Драматургиясы	Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы «Ақбілек» романы - қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға - Ақбілектің қызығынан қиындығы мол өмір жолдары жайында мұң мен шер де, сыр да толғайтын туынды. Бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі.	2
9	Ж. Аймауытов «Ақбілек» романы. Бірінші бөлім	Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы «Ақбілек» романы - қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға - Ақбілектің қызығынан қиындығы мол өмір жолдары жайында мұң мен шер де, сыр да толғайтын туынды. Бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі	2
10	Кейіпкерлер галереясы	Кейіпкерлер галереясы. Көркем шығармадағы кейіпкерлерге талдау жасау. Ақбілек бейнесін қазіргі заман тұрғысынан талдау. Жанама кейіпкерлердің шығармадағы роліне баға беру.	2
11	Ә.Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу.	Ә.Кекілбаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу. «Аңыздың ақыры» повесі. Бірінші бөлім. «Аңыздың ақыры» романы – аңыздың ізімен жазылып, ондағы оқиғаны философиялық-психологиялық астармен өрбіткен жазушы <u>Әбіш Кекілбаевтың</u> кесек туындысы. Роман төрт бөлімнен тұрады.	2



		Шығарманың кейіпкерлері бар болғаны үшеу: Әмірші, Кіші ханым және шебер. Ұлы ханым, күтуші кемпір, бас шебер, Ахмет саудагерлер-- осы негізгі басты үш бейнені ашу үшін алынған жанама кейіпкерлер.	
12	(Аралық бақылау №1) Еңбек нарығы және сұраныс. Отандық өнеркәсіп өнімі. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті	білімді бағалау	
<b>2-кредит. Ұлттық экологиялық мәдениет. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар.</b>			
13	«Аңыздың ақыры» повесі. Бірінші бөлім	«Аңыздың ақыры» повесі. Бірінші бөлім Повестің бірінші бөлімі. Әдеби шығарманың композициясы. Көтерілген мәселелерге өзіндік пікір қосу.	2
14	«Аңыздың ақыры» повесі. Екінші бөлім.	«Аңыздың ақыры» повесі. Екінші бөлім Повестің екінші бөлімі. Әдеби шығарманың композициясы. Көтерілген мәселелерге өзіндік пікір қосу.	2
15	М.Мағауин «Шақан - шері» романы. Бастау	М.Мағауин «Шақан - шері» романы. М.Мағауиннің «Шақан-Шері» романында Іле өзені бойындағы жолбарыспен жекпе-жекке шығып, тұқымын құртқанға дейін барған ержүрек аңшы Шаканның өмірі суреттеледі. Әйелі мен баласын жолбарыс жегендіктен, одан өмірбақи кек алуға бел буған аңшы ақырында жолбарыс атаулыға тажалдай төнеді. Жазушы қазақтың ежелгі аңшылық өнерін этнографиялық дәлдікпен суреттеп отырғаны айқын сезіледі.	2
16	«Қамыстағы үй» бөлімі	«Қамыстағы үй» бөлімі. Шақан Шері образын берілген үзінділер арқылы аша отырып, шығармадағы ұлттық құндылықтарды ашу, әлем әдебиетінің озық үлгілерімен салыстыра отырып талдау. Ғаламдық өзекті мәселелермен үндестігін ашу. Қазіргі кездегі жолбарыстардың азайып кетуі, экологиялық проблемаларды ұлттық мүдде тұрғысынан ашу. М.Әуезовтің «Көксерек» повесімен салыстыру.	2
17	Ш.Айтматов «Боранды бекет» романы.	Ш.Айтматов «Боранды бекет» романы. Алғашқы ұстаз. Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы ең өзекті мәселесі- адамзат	2



		баласының сана-сезімінің рухани катаклизмі, яғни, адамның рухани мәңгүртке айналуы. Аңыздық деректегі жарық дүниеге алып келген өз анасын атып өлтіру мәңгүрттенудің жеке адами трагедиясы болса керек. Осы кеңістіктердің тоғысында жазушы қаламынан бас кейіпкер Боранды Едігенің образы туады. XX ғасырдағы адамзат басына түскен барлық ауыртпалықты, қайғы-қасіретті осы Едігенің бойына жинақтап береді.	
18	Алғашқы ұстаз	Ұ.Есдәулетов «Біз түркілерміз». Қазақ лирикасының кемелдену, толысу кезеңінде өзіндік үн қосып, өзгелерден дараланып, өзіндік қолтаңбасын анық танытатын ақынымыз Ұлықбек Есдәулеттің шығармашылығы - ерекше құбылыс. Оның өлеңдері қазіргі қазақ поэзиясының принципті сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді деуге болады. Оның образды ойлау жүйесі бүгінде кең ауқымдағы, кейде бүкіладамзаттық, кейде тұрмыстық характерлердегі ассоциацияларды қамти алатын қабілетке ие.	2
19	Ұ.Есдәулетов «Біз түркілерміз»	Ұ.Есдәулетов «Біз түркілерміз». Қазақ лирикасының кемелдену, толысу кезеңінде өзіндік үн қосып, өзгелерден дараланып, өзіндік қолтаңбасын анық танытатын ақынымыз Ұлықбек Есдәулеттің шығармашылығы - ерекше құбылыс. Оның өлеңдері қазіргі қазақ поэзиясының принципті сәттіліктері мен перспективті тенденцияларына арналған еңбектерде сөз бола алатындай деңгейге көтерілді деуге болады. Оның образды ойлау жүйесі бүгінде кең ауқымдағы, кейде бүкіладамзаттық, кейде тұрмыстық характерлердегі ассоциацияларды қамти алатын қабілетке ие.	2
20	Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы. Бірінші бөлім	Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романы қазақ халқы басынан кешірген ауыр бір кезең – екі империяның алаштың ата қонысы болған сайын даланы екіге бөліп, шекара сызығын жүргізген кезеңін арқау еткен.	2



		Романда алуан мінезді, алуан тағдырлы кейіпкерлер характері сомдалып, болмысы ашылады. Тарбағатайдың күнгейін мекен еткен халық тағдыры, Цинь империясының аз халықтарға жүргізген саясаты шынайылықпен шығарманың өзегіне алынған.	
21	Романдағы Демежан бейнесі	Романдағы Демежан бейнесі Оқырман бұл кейіпкермен роман оқиғасының басында Шәуешек аймақтық губернатор – Ши-амбының қарауында тілмаш болып қызмет істеп жүрген кезінен танысады. Өзгелерге ұқсамайтын ерекше тағдыры бар Демежанның өмір жолы, тіршілік соқпағы, Шәуешек аймағының әміршісіне бағынатын мекендерде тіршілік кешкен қазақ руларымен тығыз байланыста көрсетіледі. Қала өмірінің өзіндік ерекшеліктері, дала тіршілігі, күнделікті өмірге еніп жатқан жаналықтар нанымды суреттелген.	2
22	Ш. Құсайынов «Томирис» драмасы. Бірінші көрініс	Ш. Құсайынов «Томирис» драмасы. Екінші көрініс Шығарманың мазмұндас әлемдік шығармалармен үндестігі. Шығармадағы көркемдеуіш құралдар мен айшықтау амалдарының кейіпкер бейнесін ашудағы ролі. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығы.	2
23	Ш. Құсайынов «Томирис» драмасы. Екінші көрініс.	Ш. Құсайынов «Томирис» драмасы. Екінші көрініс Шығарманың мазмұндас әлемдік шығармалармен үндестігі. Шығармадағы көркемдеуіш құралдар мен айшықтау амалдарының кейіпкер бейнесін ашудағы ролі. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығы.	2
24	(Аралық бақылау №2)  Тарихтың шертіп пернесін	Білімді бағалау	2
<b>3 -кредит Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы. Қоғам және заң. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі. Туризм</b>			
25	Ш. Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі	Ш. Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі Тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-рухани дағдарыстар, экономикалық-тұрмыстық ауыртпалықтар, одан кейінгі бірте-бірте еңсе тіктеудің, қиындықтарды	2

		<p>еңсерудің қазақ поэзиясында бейнеленуіне Ш.Мұртазаның шығармалары көркемдік ізденістерінің өзгешелігімен жаңа қоғамдағы жаңа әдебиеттің талаптарына сай келетін деңгейде назар аудартады.</p> <p>«Тәуекел той» әңгімесінің атының өзі айтып тұрғанындай, шығармаға қазіргі замандағы бәсеке тойы арқау болған. Бақаластық пен күндестіктің шегінен асқынғандығы сонша, той десе жанын салатын қазақ бүгінде дәстүрлі тойларды жоғалтып, тойдың өзін бәсекеге айналдыра бастады. Даңқ пен дақыртқа мастанған жандардың өзгеден асып түсу мақсатында тойдан кейін қарызға белшесінен батып жатуы –бүгінгі күннің шындығы.</p>	
26	Шығарманың жаңашылдығы	Шығарманың жаңашылдығы. Шығармадағы оқиғаның қазіргі заманмен байланысы. Ұқсас шығармалармен үндестігі. Композициялық-сюжеттік құрылымы.	2
27	С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы. «Көкшетау» поэмасы	С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. Ақынның азаматтық лирикасына тоқталу. Ақын творчествосындағы революция тақырыбы. Поэмалары. «Көкшетау» поэмасының тақырыбы мен идеясы.	2
28	С.Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі	С.Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі. Сәкеннің көңіл-күй лирикаларының ішінде «Сыр сандық» атты өлеңі көрнекті орын алады. Адамдар арасындағы адал достық пен сезім тазалығын шерткен бұл шығармада ақын адамның рухани дүниесін биік құздың басына тығылған кілттеулі сыр сандығына балайды. Сыр сандығын ашып, адам жанының сым пернесін басқанда ғана дос көңілі, сыры шертіледі.	
29	І. Есенберлин өмірі мен шығармашылығы.«Қаһар» романы. I бөлім	І. Есенберлин өмірі мен шығармашылығы. «Қаһар» романы. I,II бөлім. І. Есенберлиннің "Қаһар" романы - қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, оның Кенесары қозғалысы сияқты аса ірі кезеңнің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін	2



		елеулі тарихи шығарма.	
30	І. Есенберлин өмірі мен шығармашылығы. «Қаһар» романы. II бөлім	І. Есенберлин өмірі мен шығармашылығы. «Қаһар» романы. I, II бөлім. І. Есенберлиннің "Қаһар" романы - қазақ халқының азаттық жолындағы күрес шежіресіне қосылған, оның Кенесары қозғалысы сияқты аса ірі кезеңінің ішкі сырларын көркем түсінуге көмектесетін елеулі тарихи шығарма	2
31	«Қаһар» романы. III бөлім.	«Қаһар» романы. III бөлімі. Романның бас кейіпкері Кенесары хан образы. Шығарманың тарихи құндылығы. Мазмұндас тарихи шығармалармен үндестігі.	2
32	«Қаһар» романы. IV бөлім.	«Қаһар» романы. IV бөлімі. Романның бас кейіпкері Кенесары хан образы. Шығарманың тарихи құндылығы. Мазмұндас тарихи шығармалармен үндестігі.	2
33	А. Сүлейменов «Бесатар» повесі	А. Сүлейменов «Бесатар» повесі. А. Сүлейменовтің «Бесатар» повесінде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың көрінісін бір тәулікке сыйғызып баяндайды. Әңгіме кеше күн көтеріле басталды да, бүгін күн ауа аяқталды. Езбесі көп еріншек өмірден бұрк еткен жалын, жігер ғана алынған. Сол аз уақыттың ішінде айналасы 4-5 адамның басынан кешкен қақтығыстар арқылы қозғалыстың ішкі сырын, мән-мәнісін аша алған, есте қаларлық бейнелер жасап үлгерген.	2
34	Кейіпкерлер әлемі	Кейіпкерлер әлемі Кейіпкерлер образдарын берілген эпизодтар арқылы ашу. Шығармада көтерілген мәселелердің қазіргі әлемдік мәселелермен үндестігі. Шығарманың тарихи және көркемдік жаңашылдығы.	2
35	С. Елубай «Жалған дүние» романы	С. Елубай «Жалған дүние» романы. Жазушы шығармашылығының негізгі тақырыбы – қазақ халқы кеңестік дәуірде бастан кешкен нәубетті кезеңдер. «Ақ боз үй», «Мінәжат» романдары ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін жылдарын қамтыса, трилогияның үшінші кітабы – «Жалған дүние» романы (2001) айтулы	2

		«тоқырау заманы» дейтін кезенге арналған. «Жалған дүние» романында тіршілік философиясы, адамның жер бетіндегі миссиясы, мақсаты туралы автор толғаныстары молынан ұшырайды. Жалған дүние» романындағы Едігенің бойынан автордың өз «мені» мұндалап тұр. Автор адам тағдыры арқылы ғалам сырына, адамзат тағдырына көз тігіп, терең философиялық ой түйеді. Едіге де адамның ғаламның бір бөлшегі екенін жүрегімен сезіне біледі. Адамзат табиғатына қашанда тылсым күштер алдындағы шарасыздық, дәрменсіздік тән, Едіге сол күштердің сырын ұғуға талпынады.	
36	(Аралық бақылау № 3 ) Ғасырлық туынды	Білімді бағалау	
<p><b>4-кредит. Экотуризм. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі. Жастар мәселесінің түйіткілері. Толеранттылық-ел бірлігі. Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші.</b></p>			
37	«Жалған дүние» романының жанрлық ерекшелігі. Композициялық-сюжеттік желісі	«Жалған дүние» романының жанрлық ерекшелігі. Композициялық-сюжеттік желісі. Шығарманың композициялық сюжеттік желісі. Жанрлық ерекшелігі. Бүгінгі күнмен байланысы.	2
38	Қасым Аманжолов «Өзім туралы» өлеңі	Қасым Аманжолов – өз ғұмырында өзіне өлеңнен ескерткіш қойған ақын. Ақынның «Өзім туралы» өлеңі – адам өмірінің мәні мен өнер табиғатын көркем жинақтайтын философиялық мағыналы туынды. Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңі – көп қырлы, терең мағыналы шығарма. «Өзім туралы» өлеңі автордың өз тағдыры туралы ойларынан басталып, кең арналы тақырыптарды көтереді. Олар: аға ұрпақ аманаты, келер ұрпақ парызы, адам тіршілігінің мәні, адамгершілік жайы, адамзат тіршілігіндегі жеке тұлғаның мән-мұраты, адамның болмыстағы орны, өткінші өмір, уақыт мәселесі, өшпес өнер табиғаты, ұрпақ пен дәстүр жалғастығы, ақынның келер ұрпаққа аманаты терең философиялық толғамдарда көркем сөз образдарымен шебер өрілген	2
39	М. Әуезов «Абай жолы» роман-	М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы,	2



	эпопеясы, 1-том	1-том. «Абай жолы» - Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы - қазақтың тұңғыш эпопеясы. Төрт кітаптың он бойында адам образдарын жасауға қызмет етпейтін бір де бір деталь, штрих, керек десеніз, бір де бір сызық жоқ. Бәрі де мінездеу мен мүсіндеу, жинақтау мен даралау міндеттерін атқарып тұр. Әр характердің жасалу тарихы бар. Әр образ тип дәрежесіне дейін көтерілген. Басты кейіпкерлер ылғи өрбу, өсу үстінде көрінеді.	
40	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесі	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесі. Абайдың тәрбие алған, өскен ортасы. Ел басындағы азаматтар бейнесі. Олардың Абайға ықпалы туралы эпизодтар.	2
41	«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі	«Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі. Біз ақын өмірінің елу жылына айғақ боламыз. Абайдың адам, азамат, ақын ретінде қалыптасуы сол жарты ғасыр ішіндегі қазақ қоғамының барлық саласындағы өмірдің барлық ойы-қыры, қия-қалтарысымен өріле суреттеледі. I-кітаптың басында қаладан аулына асығып келе жатқан бала шәкірт пен 4-кітаптың аяғында жарық дүниеден жөнеліп бара жатқан данышпан ақынның екі арасындағы қырық бес жыл тек қана Абайдың адам, азамат, ақын ретіндегі өзгеруімен, жаңғыруымен, жаңаруымен, құбылуымен, құлпыруымен өтетіні сияқты әрбір ірі, іргелі қаһармандар не ілгерілеп, не кері кетіп, не өрлеп, не құлдырап, не өліп, не тіріліп отырады.	2
42	М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, 2-том	М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, 2-том. 19-ғасырдың 2-жартысындағы қазақ өмірінің бұл төрт кітаптан тыс қалған бір де бір қалтарысы жоқ. «Абай жолының» мазмұн жағынан алғанда жалпы жұрт мойындаған энциклопедиялық сипаты, жанр жағынан алғанда қазақтың тұңғыш эпопеясы екендігі де осында жатыр. Тағы бір күрделі ерекшелік - осынау кең құлашты халықтық эпопея бастан-аяқ	2

		тартысқа, карама-қарсы күштердің қым-қиғаш күресіне құрылған және осылардың бәрі диалектикалық қимыл-қозғалыс, өсу-өрбу, өрістеу үстінде көрсетілген. Екінші кітаптағы Абайдың азаматтық бейнесі. Көтерілген мәселелерге ұлттық мүдде тұрғысынан баға беру.	
43	Романдағы Құнанбай образы	Романдағы Құнанбай образы Құнанбайдың романдағы және тарихи бейнесі. Тақырыпқа қатысты зерттеулер. Тарихи шындықты ашуға бағытталуы.	2
44	Романдағы әйел-аналар образы	Романдағы әйел-аналар образы Романдағы Абайдың аналары мен әйелдер образдары. Көтерілген мәселелердің қазіргі өмірмен байланысы.	2
45	Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі	Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі. Өлең 1992 жылы Алматы қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына орайлас жазылған. Кешегі алмағайып заманда өз атамекенінен кетуге мәжбүр болған қандас бауырларымызды ақын ешбір жатсынбай, құшақ жая қарсы алады. «Мынау жер, көл, өзен – бәрі де сенікі, кел де төрден орын ала бер» – деп ақын ақжарқын ниетін білдіреді. Бүгінде еліміз өз тәуелсіздігін алған, көгінде туы желбіреген егемен ел, ендеше неге туған жерден жырақта жүрсің, кел де сол егемен еліңнің әніне сен де қосыл дейді. Ақын жат жерде жүрген бауырларымыздың тағдыр тауқыметін тартып, қаншама тіршілік күресінін көрсе де ана тілін, дінін, ділін, салт-дәстүрін, тіпті ұлы Абайды да ұмытпай есінде сақтағанына ризашылығын білдіреді. Ақын, әсіресе, жастарға «жалындап жана беріндер, сендер мен біздер бақытты ұрпақпыз, өйткені еліміз түгел ақ киізге көтеріп сайлап алған өз президентіміз бар» деп үлкен сенім артады.	2
46	М.Райымбекұлы «Көшбасшы» поэмасы	М.Райымбекұлы «Көшбасшы» поэмасы Эрнест Миллер Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі. Американдық жазушы, журналист, 1954 жылы ұлы жазушы өзінің «Шал мен	2



		теңіз” атты ұлы шығармасы үшін Нобель сыйлығына ие болды. Қазақ әдебиетіне Н. Ғабдуллиннің аудармасы арқылы кеңінен танымал Э. Хэмингуэйдің «Шал мен теңіз» повесіне үнілгенімізде балықшы шалдың психологиялық жай-күйі шығармада шебер бейнеленгенін байқаймыз. Алғашқы абзацта-ақ, балықшы шалдың қайығымен Гольфстримге күнде жалғыз шығып жүргені, шалдың теңізде сексен төрт күн бойы қармағына ештеңе іліктіре алмағаны баяндалады. Алғашқыда бір жарым айдай жанына бір бала серік болған еді, қолға балық түспеген соң баланың ата-анасы «жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ» шалдың жанында жүргенін қаламай, басқа қайыққа ауыстырды. Сонда да, үмітін үзбеген шалдың ұшы қиыры көрінбейтін теңізге балық аулауға жалғыз шығуы - шығармадағы ситуациялық жағдайдан гөрі психологиялық күйді көрсетуге бағытталған туынды екенін аңғартады. Шығарманың идеясының ғаламдық мәселелермен үндестігі. Көркемдік және тарихи құндылығы. Кейіпкер бейнесі. Шығарманың жалпыадамзаттық құндылықтарының бүгінгі заман шындығымен үндестігі.	
47	(№ 4 аралық бақылау). Әдебиеттегі сан сарын.	Өткен тараулар бойынша білімді бағалау	2
48	Емтихан	Қорытынды бақылау	2
<b>Барлық сағат саны:</b>			<b>96 сағат</b>

**1.8 Сабақ беру мен оқыту әдістері:** Шағын топтар, пікірталас, жұптық жұмыс, презентация және үйірме. үстелдер мен іскерлік ойындар және т.б.

**1.9. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:**

- Бақылау тапсырмалары (студенттердің бағдарламалық материалдың мазмұнын игеру деңгейін бағалау және анықтау мақсатында әзірлеу);
- Тестілеу (тест тапсырмалары бөлімдер, тақырыптар бойынша ұсынылған және қиындықтың негізгі үш деңгейіне ие (минималды, орташа және қиын));
- Үлестірме материалдар: билеттер, басқатырғыштар, ситуациялық тапсырмалар.

**1.10. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:**

- дәптер.
- CD / DVD / MP3 ойнатқышы.
- мультимедиялық проектор.
- кестелер, плакаттар мен суреттерді бекітуге арналған қондырғылар жиынтығы бар тақта.



- студенттердің шығармашылық жұмыстарын орналастыруға арналған стенд.
- орындықтар жиынтығымен бір орындық студенттік үстелдер

#### **1.10. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

##### **1.10.1. Негізгі әдебиеттер:**

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» (қоғамдық-гуманитарлық бағыт), оқулық, Г.Орда, С.Дәрібаев, А.Сатылова, Алматы, мектеп, 2019ж, 30 дана
2. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 1-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-1>
3. Қазақ тілі мен әдебиеті 11-сынып Т2 2-бөлім <https://expert.study-inn.kz/uchebniki-kaz/tbr11-2>
4. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 1-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019
5. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Б.Қ.Мукеева. Қазақ тілі мен әдебиеті 10-сынып 2-бөлім. Көкжиек-Горизонт, 2019

##### **1.10.2. Қосымша әдебиеттер:**

1. Жалпы білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)
2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана, 2018
3. Аманжолова З., Ж.Рахмани Қазақ тілі. Аудиовизуалды жинақ (150 сабақ) 5-11 сыныптар Upartners, 2016
4. М.О.Әуезов. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап.-Алматы: Жазушы, 2013. -376 б.

##### **1.10.3 Интернет ресурстар:**

- Осы пәнді оқу процесінде студенттерге қойылатын жалпы талаптар.
- студенттер колледжде оқу ережелерін сақтауы тиіс: өткізбеу-электрондық пошта (e-mail);
- телеконференция;
- бейнеконференция;
- жеке ақпаратты жариялау, жеке бетті (немесе сайтты) құру және оны Web-серверде орналастыру мүмкіндігі;
- ақпараттық ресурстарға қол жеткізу;
- анықтамалық каталогтар;
- іздеу жүйелері;
- әр түрлі конкурстар мен олимпиадаларға қатысу;
- желіде сөйлесу (Chat).